

«БАУЫРЖАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

1. Кадрлық құрамы

1. Мекемтас Мырзахметұлы ф.ғ.д., профессор орталық жетекшісі;
2. Найзабаев Әлімбай Аманбайұлы педагогика ғылымының магистрі, аға ғылыми қызметкер;

2.Монография және орталықта баспаға дайындалған қолжазбалар

1. Кеңес одағының батыры, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай Мәскеуде 18 тамыз 2024 жылы «Халық батыры» кітабы жарық көрді. Кітаптың ғылыми кеңесшісі «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы.
2. Б.Момышұлының көптомдық шығармаларының 33, 34-томдарының қолжазбаларын дайындаған М.Мырзахметұлы, Ә.А.Найзабаев
3. Абай шығармаларындағы автобиографиязм. (монографияның қолжазбасы)

2. Scopus және ҒЖБССҚЕК бағытындағы халықаралық және Қазақстан Республикасының арнайы ғылыми журналдарында мақалалар жариялау.

2.1. ҒЖБССҚЕК бағыты

- 1. «Әжинияз - Қарақалпақ әдебиетінің мақтанышы» (XIX ғасырдағы қарақалпақ классик ақыны Әжинияз Қосыбайұлының туғанына 200 жыл) атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. 2 бөлім. Нөкіс, «Қарақалпақстан» 2024. Ә. А. Найзабаев Б.386-394.
- Халықаралық конференция материалдарының жинағы «Қарақалпақстанның бірінші ғылыми-білім беру мекемесінің 90 жылдығы (Ажинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуының 90 жылдығы)» 1 бөлім. Нөкіс, 30-31 қазан, 2024ж. Ә. А. Найзабаев Б.126-130.
- Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитар ғылымдар ғылыми зерттеу институты Түркі академиясы «XIX ғасыр қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әжинияз Қосыбайұлының 200 жылдығына арналған "Сөйле, бұлбұл тілім менің" атты халықаралық ғылыми—теориялық конференция жинағы. Нөкіс, 2024 ж. Ә. А. Найзабаев Б.110-115.

2.2. Журнал

1. «Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журнал №1 29 қаңтар 2024 жыл «Бауыржан Момышұлының «Куба әсерлері» кітабының жазылу тарихы мен таралуы, танылуы». Ә.А.Найзабаев.

2. «Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журнал №10 қазан 2024 жыл «Даңқты ерлікке қатысты тарихи құжат». Ә.А.Найзабаев.

3. БАҚ жарияланымдары

3. «Еңбекші» Республикалық салалық кәсіподақ газетінде №20 (218) 24 қазан 2024 жылы «Соғыстың соңғы нүктесін қойған батыр Рақымжан Қошқарбаев 100 жаста» Ә. А. Найзабаев.

4. «Еңбекші» Республикалық салалық кәсіподақ газетінде №24 (222) 26 желтоқсан 2024 жылы «Голос памяти: звукозаписи героических воспоминаний». Ә. А. Найзабаев

5. Жамбыл облыстық қоғамдық саяси және жастар газетінің № 12 (1060) 14 ақпан 2024 жылы «Мақтадан басталған махаббат»
Ә. А. Найзабаев

6. JAMBYL TARAZ қалалық қоғамдық-саяси газетінің № 98-99 (1908-09) 1908-09 13 желтоқсан 2024 жылғы санында «Ату жазасынан аман қалған Түгелбай» Ә. А. Найзабаев

7. «Университет тынысы» гзеті №11 (327) 20 қараша 2024 жылы «Халықаралық байланыс орнады» Ә. А. Найзабаев.

4. Теледидардағы сұхбаттар

1. М.Мырзахметұлы 1 сәуір 2024 жылы Қазақстан телеарнасына сұхбат берді.

2. М.Мырзахметұлы 24 сәуір 2024 жылы хабар телеарнасындағы «Әке көрген» бағдарламасында сұхбаттасты.

3. Ә.А.Найзабаев 16 қараша 2024 жылы Қарақалпақстан Республикасы телерадиокомпаниясының «Тіл байлығы – ел байлығы» көрсетілімінде «Қарақалпақ және қазақ тілдерінің байланысы» тақырыбында сұхбат.

(Анықтама. Қарақалпақстан Республикасы телерадиокомпаниясы директорының орынбасары Қ. Палимов. 29.11.2024 ж.)

4. Ә.А.Найзабаев 24.12.2024 жылы JAMBYL TV/ Жамбыл телеарнасынан «Өмірінің өзі дастан» деректі фильмне түсті.
(Анықтама. Жауапты редактор Д.Дәуренов 24.12.2024 жыл)

5. Іс сапарлар

- Ә.Найзабаев 21.02-01.03.2024 жылы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивіне іссапарға шығып, Б.Момышұлының 1432 жеке қорындағы Куба сапарына қатысты материалдар бойынша жұмыс жасады.
- Ә.Найзабаев 2024 жылғы 07 қарашадан 2024 жылғы 15 қараша айында Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс, Қоңырат қалаларында іссапарда болды.

6. Меморандум

- 7 қазан 2024 жылы Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығымен;
16 қараша 2024 жылы қарақалпақстан Республикасы Ажинияз атындағы «Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты», Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті және Өзбекстан Республикасы Ғылымдар академиясы Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар зерттеу институтымен ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-зерттеу әрекеттері туралы меморандум жасадық.

7. Орталықтың атқарған ғылыми, әдеби және мәдени және тағы басқа іс – шаралары:

- 12.02.2024 жылы Астанадағы Куба елшілігіне Б.Момышұлының 1963 жылы Кубаға барған сапарына қатысты Кубадағы материалдарды анықтау, ол құжаттарды орталыққа алдыру туралы университет ректоры М.Қ.Байжұмановтың атынын қызметтік хат дайындап жолдадық.
- 19.04.2024 жылы Алматы қаласындағы «Ана тілі» бспасында Мекемтас Мырзахметұлы бастаған бір топ ғалымдар мен ақын-жазушы, журналитер Жазушы, драматург Елен Әлімжанның «Алтын жүлге» романын талқылады.
- Облыстық музейде «В.И.Панфилов және Момышұлы – ерлік пен елдіктің үлгісі» деген тақырыптағы дөңгелек үстелге Ә.Найзабаев қатысып, «филология және журналистика» тобының студенттеріне баяндама жасады.
- Ғылыми тақырыптар беріп зерттеу жұмыстарына кеңесші болу нәтижесінде Назарабаев атындағы зияткерлік мектебінің оқушылары Уали Сырым Асқарұлы, Еркін Бибінұр Русланқызы Мәскеу

қаласында өткен ғылыми Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» хикаяты бойынша ғылыми жоба қорғап мадақтамамен марапатталды.

- 2024 жылдың 29 наурыз күні Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлерімен бірге Б.Момышұлы атындағы «Жеңіс» паркінде орналасқан Даңқ залында «Мағжан Жұмабаев - алаштың сөнбес жұлдызы" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.
- Б.Момышұлының «Куба әсерлері. Сапарнама» («Жазушы» баспасы, Алматы 1965) жылғы кітабын компьютерден теріп, 78 парақ баспаға дайындалды.
- Жалпы білім беретін оқу орындарының арасында «Бауыржан оқулары» облыстық ғылыми-шығармашылық байқауын 6 ақпан 2024 жылы «Жамбыл Дарын» орталығымен бірлесе отырып үшінші жыл өткіздік. Байқауға Жамбыл облысының аудандары мен қала мектептерінен 70 оқушы қатысты.
- Әйгілі партизан жазушы Қ.Қайсеновтің туған күніне орай университет, колледж және мектеп оқушыларымен 23 сәуір күні вейбинар сабақ өтті.
- Қазақстан студенттер альянсы және Тараз қалалық жастар ресурстық орталығымен бірге «Б.Момышұлының өмір жолы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Аслан Еділханұлы Тұрлыбек қатысты.
- Ә.А Найзабаев «Жас қыран-2024» әскери-патриоттық шараға қатысып, баяндама оқыды.
- 2024 жылы 9 мамыр жеңіс күніне орай соғыс ардагерлерінің рухына тағзым ету, мәңгілік алауға гүл шоғын қою рәсіміне қатыстық. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевке «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы туралы ақпараттар берілді.
- 24.12.2024 жылы Б.Момышұлының туған күніне орай Д.И.Менделеев атындағы Ресей Химия-технологиялық университеті Тараз қаласындағы филиалының 1 курстың 30 студентіне лекция өткізілді. Дәріс өту барысында филиалдың атқарушы директоры Камила Булекбаева және пресс-секретарь Жанна Жамбылқызы атсалысты.

8. Марапаттар

1. Мекемтас Мырзахметұлын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрі Саясат Нұрбектің Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтауы. 12.04. 2024 жыл.
2. Мекемтас Мырзахметұлын Мұхтар Әуезов жылы негізінде өткізілген іс-шаралардың құрметіне Түрксой ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев мернкелік төсбелгімен марапаттады. N 2020 МА - 008

3. Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін Әлімбай Аманбайұлы Найзабаев «ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА СИҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» төсбелгісі (№ 00773 21.10.2024 жыл) марапатталды.
4. Ә. А. Найзабаев «Әмү жағасы» қарақалпақ этно-мәдени орталығының Қарақалпақ халқының ұлы ақыны Әжинияз Қосыбайұлының 200 жылдығына арнап шығыралылығын төсбелгісімен марапатталды. № 013 03.11.2024 жыл.
5. Ә. А. Найзабаев «Әжинияз – қарақалпақ әдебиетінің мақтанышы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға белсене қатысқаны үшін Бердақ атындағы Нөкіс мемлекеттік университетінің ректоры А.Реймовтің сертификатымен марапатталды. 26.10.2024 жыл.
6. Ә. А. Найзабаев «Қарақалпақстандағы алғашқы білім-ғылым босағасына 90 жыл (Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының ашылғанына 90 жыл)» атты халықаралық конференцияда баяндама жасағаны үшін сертификатпен марапатталды. 31.10. 2024 жыл.
7. Ә. А. Найзабаев ҚР Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитар ғылымдар ғылыми зерттеу институты Түркі академиясы «ХІХ ғасыр қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әжинияз Қосыбайұлының 200 жылдығына арналған "Сөйле, бұлбұл тілім менің" тақырыбындағы халықаралық ғылыми—теориялық конференциясына баяндамасымен қатысқаны үшін сертификатталды. 16.11.2024 жыл.
8. Ә. А. Найзабаев Тараз қаласы «Жамбыл Дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының директоры М.Есеналиваның Алғыс хатымен марапатталды 2024 жыл.

«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының
аға ғылыми қызметкері

Ә.А.Найзабаев